

ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Әбдіқалық А.Ә., Жүрсінбай А.Е., педагогика ғылымдарының магистрі
Akgulabdikalik@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация.

Онлайн білім беруді жүйелі қолдану мүмкіндіктерін зерделеп, талдау;

Онлайн білім беру үрдісінің артықшылықтары мен шектеулерін ғылыми тұрғыда негіздеп, заманауи Жасанды интеллект арқылы білім беру жүйесін анықтау.

Білім алушының білім сапасын арттырудың маңызды шарттарын айқындау.

Түйін сөздер: онлайн білім беру, қашықтықтан оқыту, цифрлық педагогика, интерактивтілік, мотивация, жасанды интеллект, білім сапасы.

Аннотация.

В данной статье рассматриваются возможности системного применения онлайн-образования и проводится его анализ. Научно обоснованы преимущества и ограничения процесса онлайн-обучения, а также определены современные подходы к организации образовательной системы с использованием искусственного интеллекта. Особое внимание уделяется выявлению ключевых условий повышения качества образования обучающихся.

Ключевые слова: онлайн-образование, дистанционное обучение, цифровая педагогика, интерактивность, мотивация, искусственный интеллект, качество образования.

Әдістері:

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу, халықаралық ұйымдардың аналитикалық есептерін зерделеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар отандық білім беру платформаларының тәжірибесі қарастырылды.

Маңыздылығы: онлайн білім берудің педагогикалық аспектілер нәтижелерін насихаттау.

Өзектілігі: онлайн білім берудің педагогикалық аспектілерінің маңызын айқындау, қазіргі білім берудегі цифрлық, жасанды интеллект арқылы білім алушының деңгейін жан-жақты қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: білім алушылардың қызығушылығын арттырады, теорияны практикалық тұрғыдан қалыптастырады.

Кіріспе:

XXI ғасырдың цифрландыру үрдісі білім беру деңгейін түбегейлі өзгертті. Әділетті Қазақстанның білім беру жүйесі әлем деңгейімен теңесіп, жасанды интеллект жүйесі арқылы қарқынды дамып келеді. Әсіресе, 2020 жылдары білім беру жүйесі пандемия кезеңінде әлем бойынша қатты өзгерістерге ұшырады. ЮНЕСКО деректері бойынша сол қиын қыстау кезінде 1,5 миллиардтан астам білім алушылар дәстүрлі оқыту форматынан онлайнға көшті. Халықаралық тәжірибе зерделенді. Ресей, АҚШ, Канада, Аустралия, Жапония мен Данияда аймақтағы жағдайларға байланысты жұмысын тоқтатты. Бұл жағдай онлайн білім берудің педагогикалық негіздерін ғылыми тұрғыдан қайта қарастыру қажеттілігі туындады. Қашықтықтан оқыту кезінде ақпараттық құралдар арқылы білім алушылар өз бетінше ізденді. Ақпараттық технологияларды меңгеріп, компьютерлік сауаттылыққа тәрбиеленді. Әр мемлекет қашықтан оқыту қолжетімді болғанын мақсат етті. Білім беру бағдарламаларын бейімдей бастады. Өйткені уақыт талабы солай болды.

Оқытудың қай түрін алсақ та тиімді болуы әрбір ұстаздың шеберлігіне байланысты деп айтар едім. Оқытушы өз мақсатына жету үшін мақсат-міндеттер қойып, тапсырмаларды деңгейіне қарай талдап, сабақ қызықты, әрі тартымды өткізді деп айта аламын. Әлемді әбігерге салған пандемияны адамзат баласы жеңгеннен кейін, білім жүйесінде көптеген өзгерістер болды. Ұстаздар қауымы сабақты түрлі ақпараттық технологиялар арқылы өткізуді көздеді.

Онлайн білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы ұйымдастырды. Білім алушылар мен оқытушы арасында қашықтықтан өзара әрекетке

негізделген оқыту формасы қалыптасты. Оны жүйелі қолданып, оқыту процесінде тиімді, жүйелі, қолжетімді етіп өзгертуге жол ашылды. Білім алушылардың білім сапасын қалыптастыруды көздеді. Белсенділігін қалыптастыру үшін түрлі платформалар арқылы жүзеге асыру үшін жасанды интеллект арқылы бағыт-бағдар беру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне арналды.

Ғаламтор арқылы білім жүйесі ұйымдастырылды. Қазіргі кезге дейін оқытушыларға арналған курстық оқулар жүзеге асырылып келеді. Онлайн білім берудің жүйесінде синхромды – тікелей эфир, бейнесабақтар және асинхронды – бейнежазба, түрлі платформадағы сабақтар жүзеге асты. Онлайн білім берудің педагогикалық аспектілері ғылыми тұрғыдан талданып келеді. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Мәселен, онлайн білім берудің салдарынан білім алушылардың арасында цифрлық құзыреттілігі артып, түрлі мотивациялар алып, білім жүйесінің трансформациясы ғылыми тұрғыда зерделенді.

Онлайн білім берудің артықшылықтары мен шектеулері айқындалып, қазіргі білім беру жүйесіндегі басты рөлі болып келеді. Зерттеу еңбектер мен ғалымдардың ғылыми деректері бойынша бірнеше қағидаларға бөлген. Ең бірінші қағидасы – **дараландыру**. Онлайн білім берудің салдарынан білім алушылар жеке ізденуіне мүмкіндіктер алады. Материалдарды ыңғайына қарай реттеп, білім сапасын арттырады. Екінші қағидасы – **интерактивтілік**. Виртуалды платформалар арқылы тест, форум, чат, бейнесабақ ұйымдастыру мүмкіндігі бар. Білім алушы мен ұстаздар арасындағы үздіксіз байланыс артады. Үшінші қағидасы – **мотивация қалыптастыру**. Білім алушы мен педагог арасында тығыз байланыс орнап, мықты мотивация ала алады. Өзін-өзі бақылап, жауапкершілікті сезінеді. Сондықтан педагог білім алушыларға мықты мотивацияларын арттырып, қызықты тапсырмалар, жобалық жұмыстар, цифрлық құралдарды тиімді қолдануы тиіс. Онлайн білім алу кезінде өзіндік тәртіп пен жауапкершілік маңыздылығы артады. Педагог пен білім алушылардың арасында тығыз байланыс орнайды. Төртінші қағидасы – **бағалау жүйесінің жаңаруы**. Қалыптастырушы бағалау, автоматтандырылған тесттер, электрондық журналдар қолданылады. Бұл бағалаудың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді. Білім алушылардың білім деңгейі электрондық журналдар арқылы бағаланады. Бесінші қағидасы - **педагогтың жаңа рөлі**. Білім алушыларға педагогтар талапты жүйелі күшейтіп, өздігінен ізденуіне жол ашады.

Қазақстанда онлайн білім беруді дамыту мақсатында мектеп оқушылары үшін «BilimLand» және «Kundelik», «bilimclass» платформалары болса, студент білім алушылары бойынша платонус бағалау баллдық жүйесі енгізілді. Бұл ресурстар оқу материалдарын жүйелі ұсынуға және кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Онлайн білім беру ортада педагогтың рөлі өзгерді. Педагог - ақпарат жеткізушіден ұйымдастырушы, фасилитатор және кеңесші деңгейіне өтеді. Цифрлық педагогика жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне мыналар жатады:

1. цифрлық құралдарды меңгеру;
2. онлайн коммуникацияны тиімді ұйымдастыру;
3. психологиялық қолдау көрсету;
4. дербес оқу траекториясын құру.

Өзіндік оқу дағдысын дамыту мақсатында артықшылықтары мен шектеулерін байқаймыз.

Артықшылықтары:

- білімге қолжетімділік;
- уақыт пен кеңістікке тәуелсіздік;
- ресурстардың ашықтығы.

Шектеулері:

- әлеуметтік өзара әрекеттің шектелуі;
- техникалық инфрақұрылымға тәуелділік;
- мотивацияның төмендеуі мүмкіндігі.

Осындай ерекшеліктер арқылы артықшылықтары мен шектеулерін байқаймыз.

Онлайн білім берудің педагогикалық негіздерін қалай байқауға болады?

Онлайн білім беру – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде ұйымдастырылатын оқыту процесі. Бұл үдерісте білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара әрекет виртуалды ортада жүзеге асады.

Онлайн білім берудің педагогикалық аспектілері төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- оқытудың даралануы ;
- цифрлық құзыреттілікті жан-жақты дамыту;
- интерактивті коммуникация жүйесін қалыптастыру;
- қалыптастырушы бағалау жүйесі;
- педагогтың кәсіби трансформациясы.

Педагогтың аспектілерін цифрлық құзыреттілігі арқылы жүзеге асырылады. Білім алушыны ізденуі мен қалыптасуына орай бағалап отырылады.

Оқытудың даралануы және цифрлық құзыреттілік

Педагогтың жаңа рөлі - білім алушыларға мотивация беріп, оқуға деген ынтасын арттырып, заманауи цифрлық құзыреттілікті қалыптастырады. Онлайн білім алу жағдайында білім алушының ішкі мотивациясы ерекше маңызға ие болады. Колледждер мен университет білім алушыларға оқудың дамуына көп мән беру керек. Цифрлық құзыреттілігіне мыналар жатады:

- онлайн платформаларды меңгеру;
- цифрлық бағалау құралдарын қолдану;
- оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- психологиялық қолдау көрсету.

Қорытындылай келе, онлайн білім беру – заман талабынан туындаған қажеттілік. Қалайда білімді дәстүрлі оқытып, білім беру жүйесінің маңыздылығын арттыру керек. Білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін, цифрлық құзыреттілігімізді дамытып, білім сапасын арттыру қажет. Оңтайлы ғаламтор жүйесін дамытып, жасанды интеллект үрдісін қалыптастырғанымыз абзал. Сондықтан болашақта онлайн және офлайн форматты үйлестіретін аралас оқыту (blended learning) моделі білім берудің негізгі бағыты болмақ.

Менің ұсынысым, жас кадрларды дайындау кезінде білім платформасын жүйелі түрде өткізу қажет. Онлайн білім беру барысында интернет желісін жүйелі дұрыс пайдаланып, жасанды интеллект арқылы түрлі элементтерді насихаттау. Білім алушылардың ұлттық құндылығын арттырып, цифрлық жүйені енгізу.

Әдебиеттер:

1. UNESCO. Education: From disruption to recovery. – 2021.
2. (ГОСТ 7.0.5–2008 бойынша рәсімделді)
3. UNESCO. Education: From disruption to recovery [Electronic resource]. – URL: <https://www.unesco.org> (қаралған күні: 20.02.2026).
4. OECD. The State of Global Education: 18 Months into the Pandemic. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 45 p.
5. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана, 2007 жыл.
6. BilimLand білім беру платформасының ресми материалдары [Электрондық ресурс]. – URL: <https://bilimland.kz> (қаралған күні: 20.02.2026 жыл).